

Б.И. Нұрдәулетова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан
(E-mail: nurdauletova@mail.ru)**Жыраулар мәтініндегі поэтикалық-психологиялық
параллелизмдердің прагматикалық сипаты***

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – жырауларды тілдік тұлға ретінде қарастырып, олардың мәтініндегі поэтикалық-психологиялық параллелизмдерді танымдық тіл білімі тұрғысынан зерттеу. Зерттеу барысында тілдік тұлға туралы теориялық мәліметтерге тоқталдық, тілдік тұлға танытатын 3 түрлі деңгейді қарастырдық, соның ішінде үздік деңгей бойынша жырау қолданған поэтикалық құрылымдардың танымдық астарына талдау жасадық. Жыраулар тілінде жиі қолданылатын көркемдегіш құралдардың бірі параллелизмдер екенін анықтап, олардың поэтикалық-психологиялық сипаты бар түрлерін тілдік дерек ретінде алдық. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келдік.

Параллелизм жыраулар поэтикасында ұқсас құбылыстарды қатар қою арқылы да, қарама-қайшы құбылыстарды салғастыра беру арқылы да, кейде метафоралы тіркестер арқылы да, жеке сөздердің (заттық, сындық, қимылдық) семантикасы аясында да, тұтас тармақтар мазмұнында да көрініс береді. Параллелизм – жыраулық дәстүрдің философиялық ой-толғамға, ұлттық ойлау мен талғамға, шешендік пен білімділікке негізделген, суырып салмалылыққа тән ерекше сөз саптау машығы болып табылады. Сонымен қатар параллелизм – тек көркемдеуіш құрал ғана емес, жыраулардың тілдік тұлғасын белгілі бір ұлттық таным аясында танытатын этнотанымдық жүйе.

Кілт сөздер: параллелизмдер, ұлттық таным, сөз саптау дағдысы, этнотаным, поэтикалық-психологиялық, жырау, тілдік тұлға

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-59-70

*Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды

Кіріспе

Тілді жеке тұлға аспектісінен қарастыру соңғы жылдары тек лингвистика ғана емес, психология, философия, лингводидактика тәрізді пәндерде де зор қызығушылық тудыруда [1; 2; 3]. Бұндай «аралас контекстегі» қызығушылықтың басты нысаны жай адам емес, жеке тұлға. Яғни өзіндік күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан, өзін-өзі, өзі және өзге, өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам болуы қажет.

С.Е.Никитинаның пайымдауынша, психологиялық жеке тұлғаның негізгі белгісі оның санасы мен өзіндік тілдік санасының болуында. Тілдік сана сөйлеу қылығымен танылады. Тұлғаның тілдік санасы индивидтің тілдік, мәдени статусын анықтайтын, коммуникативтік ситуацияны танытатын сөйлеу құлқындағы ерекшелігімен сондай-ақ, әлеуметтік деңгейі,

дүниетанымы, жасы, жынысы, биологиялық ерекшелігі басқа да тұрақты және өзгермелі, өлшемдер арқылы сипатталуы тиіс. Тұлғаның тілдік санасы, әсіресе, оның тезаурусы арқылы айқындалады.

Тілдік құралдарды қолдануда, мәтінді қабылдап, түсінуде бейсаналық және саналық әрекеттер де рөл атқарады.

Тілдік сана вербалды жағдайда, ал тілдік өзіндік сана бейвербалды да бола береді. Тілдік өзіндік сана мәдени сананың бөлшегі болып табылады [4].

Лингвистикалық аспектідегі жеке тұлғаны зерттеу тек тіл арқылы жүзеге асырылады. Яғни бізді қызықтыратын жалпы адам емес, тілдегі адам: «Тіл – бізге менталдылықтың жасырын аймағына өтуге көмектесетін бірден-бір құрал, себебі ол қандай да бір мәдениетте әлемнің бөлшектенуін анықтайды. Ол бізге адам туралы оның өзі де болжай алмайтын нәрселерді айтады» [5, 114] (орысшадан аударылды).

Ю.Н.Карауловтың концепциясы бойынша, қазіргі тілдік тұлғаны зерттеуге арналған еңбектерде тілдік тұлғаны зерттеудің 3 деңгейі негізгі және басты параметр ретінде алынып жүр. Кейінгі талдауларымыздың мазмұны айқын болуы үшін 3 деңгейдің өзіндік ерекшеліктеріне (Ю.Н.Караулов көрсеткен) тоқтала кетеміз: *нәлдік деңгей* – тұлға өмір сүрген кезеңдегі тілдің жүйелік-құрылымдық жағдайы. Бұл деңгей тұлғаның өзі өмір сүрген тілдік орта қолданған тілді қаншалықты меңгергенін танытады. *Бірінші деңгей* – тұлға өмір сүрген тілдік ортаның (қауымның) әлеуметтік, әлеуметтік-тілдік сипаттамасы. Ол тұлғаның дүние бейнесіндегі негізгі ұғымдарға субординативті-иерархиялық, яғни идеялық қатынасын айқындайды. Бұл деңгей арқылы тұлғаның тілдік дүние моделі танылады. Басқаша тұлғаның когнитивтік, тезаурустық деңгейі деп те аталады. Тұлғаны оның дүниенің тілдік бейнесіндегі алатын орны, тезаурусы тұрғысынан қарастыру осы деңгейге тән. *Екінші деңгей* – тұлғаның дискурсындағы қайталанбайтын ерекше эстетикалық, эмоциялық-шешендік колоритті анықтайтын психологиялық ауқымдағы мәліметтер. Ол зерттелетін тұлғаның белгілі бір аядағы жеке тілдік ұжымға қатысын да анықтайды және тілдік тұлғаны танудың ең жоғары деңгейінен саналады. Бұл деңгейде тұлғаның тілді қолданудағы уәждемелік, прагматикалық болмысы анықталады. Тұлғаның тілдік материалдарды таңдаудағы жеке мотивтері мен интенциясы, тілдік материалдан өзіндік қолтаңбасын танытатын тілдік қолданыстар жасау шеберлігі талданады [6, 42-43].

Тілдің когнитивтік, куммулятивтік деңгейі дегеніміз – «жеке тұлғаны» оның адамзат дүние танымының тұтас құрылымын қалыптастыруға қатысатын тілдік әлеуеті тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Қазіргі таңда филологиялық та, философиялық та зерттеулердің межесіне айналып отырған тілдегі адамдық фактор проблемасы осы «тілдік тұлға» аясында ғылыми теориялық мәнге ие болып отыр. Сондықтан жырауларды тілдік тұлға ретінде қарастыру барысында олардың мәтіндегі поэтикалық-психологиялық параллелдерді танымдық тіл білімі тұрғысынан зерттеу – біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеу әдістері

Жыраулар тіліндегі параллелизмдерге талдау жасау үшін категориалды және дискреттік, компонентті талдау әдістері қолданылды.

Жыраулардың концептуалды дүниетанымы жалпы адамзаттық, ұлттық, сондай-ақ, тек жыраулық менталитетке тән ақындық таным мен қабылдауларға, субъективті, объективті көзқарастарға негізделген дүниенің логикалық, позитивті-логикалық, лингвистикалық білім түрлері арқылы айқындалып, лингвопоэтикалық, лингвокогнитивтік талдауға ие болды.

Талқылау

Параллелизм дегеніміз ұқсас, қатар құбылыстарды салыстырып не салғастыра келіп үшінші бір құбылысты ойдың түйінді қорытындысы ретінде беру екені белгілі. Жыраулар поэзиясында «өмір мен табиғат құбылыстарына қоғам мен адамдардың іс-әрекет, мінез-құлқын шеңдестіре отырып параллельдер түзу және ол параллельді тұжырым етіп ұсыну» [7, 135] дәстүрлі амал ретінде қолданылады. Жыраулар поэзиясындағы көркемдік дәстүр туралы сөз ету барысында А.Байтұрсынұлының: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге... Тілдің міндеті ақылдың аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жараяу» [8, 141] деген пікірінің соншама дәлдікпен айтылғанына еріксіз ден қоясыз. Себебі жыраулар тілінде ақылдың аңдауы да, қиялдың меңзеуі де, көңілдің түйюі де жалпы адами ұғымдар мен ұлттық болмысқа негізделіп, жүйе-жүйесімен өлең жолдарында өріліп беріледі. Осы орайда қазақ ақын-жырауларындағы параллелизм тек көркемдік мақсаттағы қолданыс тәсілі ғана емес, ұлттық болмысты (ұлттың таным-түсінігін, тұрмыс- тіршілігін, дағдысын) толық бейнелейтін, дүниенің концептуалдық бейнесін танытатын когнитивтік құрылым деуге болады.

Параллелизмде жыраудың ұсынбақ ой-түйіні жаратылыстағы қалыпты құбылыстарды санамаалап салыстыру арқылы беріледі. Әрине кез-келген құбылыс емес, адамның санасына ең жақын, барынша өмір шындығын дәл бейнелей алатындай нақты, етене құбылыстар салыстыруға алынады. Мәселен Асан қайғының:

Қырында киік жайлаған,

Суында балық ойнаған (Асан қайғы) [9, 23], –

деген жолдарында *қыр* (шөл), *су* ұғымдарымен шөлдің аңы – *киік* және *су* жәндігі балық қарама-қарсылық мәнде салғастырылып, *жайлау*, *ойнау* әрекеттері параллель берілген. Асан қайғыда:

Еділ мен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң,

Бірін қысқа қыстасаң (Асан қайғы) [9, 23], –

Еділ және Жайық өзендері параллель құраса, жаз және қыс, жайлау, қыстау сөздері – антитезалық құрылымдар.

Параллельдік құрылымдарға тиек болатын нысандар: *киік*, *балық*, *құладың*, *аққу*, *сұңқар*, *қарға*, *түлкі*, *төбет*, *тышқан*, *құлан*, *бұлан* т.б. жан-жануар атаулары жалпы табиғаттағы мықты мен осал, жақсы мен жаман, мәрттік пен екіжүзділік сияқты қарама-қайшы ұғымдарды салыстыру үшін қажет болса, *айыр*, *жампоз*, *нар*, *арғымақ*, *сұңқар*, *құба арлан* әрқайсысы өзіне лайықты іс-әрекетімен беріліп, түрлі мінез-құлықтағы адамдардың образдарын салыстыра беру үшін қолданылады.

Құладың – құстың құлы болғандықтан, оның жемтігі – тышқан, ал *аққу* құстың төресі еді, ол көлді жайлайды (Құладың құстың құлы еді, Тышқан жеп жүні түледі, Аққу құстың төресі, Ен жайлап көлді жүр еді [9, 24]) немесе:

Көлде жүрген қоңыр қаз қыр қадірін не білсін?

Қырда жүрген дуадақ су қадірін не білсін?! (Асан қайғы) [9, 26]

Сондай-ақ:

Далада сұңқар түлесе, жүніне қарға жолар ма?! Шалкиіз жырау [9, 26]

Осында *құладың* – *аққу*, *сұңқар* – *қарға* антитезалары олардың сапалық қасиетінің қарама-қарсылығынан туындаған болса, *қоңыр қаз* бен *дуадақ* тіршілік дағдысының әр басқа болуына байланысты шеңдестіріліп тұр.

Жалпы шөлді жер мен сулы жерді үнемі қарама-қарсылықтың символы етіп көрсету көшпелілер поэзиясының өзіндік ерекшелігі болса керек.

Шендестіре салыстыруға жан-жануар, табиғат атауларынан өзге адамға қатысты сапа-қасиет атаулары:

Жақсыңнан мені кем көрдің,
Жаманыңмен тең көрдің. (Шалкиіз жырау) [9, 38]

Немесе:

Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса, нанғысыз. (Шалкиіз жырау) [9, 44]

Қарама-қарсы мәндегі заттық, сындық ұғым:

Сен – алтынсың, мен – пұлмын,
Сен – жібексің, мен жүнмін. (Шалкиіз жырау) [9, 39]

Қазақ қоғамына тән әлеуметтік ұғымдар да:

Сен сұлтансың, мен құлмын. (Шалкиіз жырау) [9, 39]

қарама-қарсы мәнде алынып, параллель түзеді. Жыраулар поэтикасында философиялық тұжырым белгілі бір түстердің контрастық фонында алынып, экспрессивті, эмоционалды әсерлілігін арттыра түсетінін байқаймыз:

Қара басты, ақ күспен,
Кендір баулы ақ желкен,
Көк теңізді жал толқынға жектірдің...
Қара сия, ақ қағаз,
Дестірге өнер төктірдің. (Шалкиіз жырау) [9, 40].

Алдыңғы жолдарда *қара – ақ, көк – ақ* контрастары сұлтанның байлығы мен сән-салтанатын асырмалап беру үшін қызмет еткен болса, кейінгі жолдардағы *қара – ақ* антитезасы қағазға түскен сөздің, ойдың айқындығын, анықтығын нақтылап тұр.

Ерте дәуірлердегі поэзияда бірден-бір көркемдік дәстүр ретінде қалыптасқан қарама-қарсы екі ұғымды салыстыра көрсету немесе екі ұғымды қатар қоя отырып, жаңа ой айту, философиялық қорытындылар беру тәсілі туралы Д.С.Лихачев: «Сөз өрнегі» стилінде қосарлылық принципі дүниетанымдық мәнге ие. Тұтас әлем мейірімділік пен жауыздық, көктегі мен жердегі, материалдық және материалдық емес, тән мен жан түрінде екіге жарылатын тәрізді. Сондықтан қосарлылық қарапайым ғана формальды-стильдік құрал – қайталау ғана емес, дүниедегі екі түрлі бастаудың қарама-қарсы мәні ретінде рөл атқарады. Бұл құбылыс дүниеге қарым-қатынасты, оны қабылдауды айқындайды» (Орысшадан аударылды) [10], – деп көрсетеді. Бұхар жыраудың:

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң?
Құлпырып тұрған бәйшешек,

Қурай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон,
Шүберек болар солған соң.
Еңсесі биік кең сарай

Мортық болар тозған соң...(Бұқар жырау) [9, 83], –

деген философиялық толғауында дүниенің баянсыздығы өмірдегі құнды-құнсыз саналатын қарама-қарсы ұғымдарды қос-қостан салыстырып беру арқылы ұсынылады: *ай* және *күн*, *бәйшешек* және *қурай*, *қамқа тон* (хандар киген) және *шүберек*, *кең сарай* және *мортық*. Әр субъектіге тән іс-әрекет, сапа да салыстырылады: *құлпыру-солу*, *кию-тозу*, *биік-тозу*(аласару). Бұның өзі дүниедегі жақсы мен жаманды, бар мен жоқты, артық пен кемді салыстыра отырып, қорытынды шығару, яғни суфизмдегі пікір ету мен шүкір етуге негізделеді.

Жоғарыда Д.С.Лихачев екілік ұғымдардың салыстырылып не қарсы қойылып берілуін бинарм терминімен байланыстырады. Жалпы бинарм сөзінің мәнін ескерсек, жыраулық үлгідегі стильдік бинармдар (екі ұғымды қатар қоя салыстырып, үшінші бір мәселені түсіндіру: мәселен, құлпырған бәйшешектің солып қурайға айналғаны сияқты кезкелген болып-толып тұрған нәрсе, зат күні өткен соң көркінен айрылады, тірі өледі, бар жоғалады т.б. Сопылық танымдағы дүниенің баянсыздығы, Алладан өзгенің өзгермелілігі туралы концепция келіп шығады) кейінгі поэзияда метафоралы бинармдарға ұласқанын біз Р.Сыздық еңбектерінен жақсы білеміз. (Абайда: «ызалы жүрек, долы қол» адамға тән қасиеттің жүрек пен қолға берілуі. Екі құбылысты салыстыру)

Кейде салыстыруға жеке тұрғанда не мағыналас емес, не қарама-қарсылық мәні жоқ сөздер контекстке алынып, параллель түзеді:

Дін пұсырман баласы,
Адамдықтан жерінбес,
Тіл пұсырман қарашы
Арамдықтан шегінбес. (Үмбетей жырау) [9, 73].

Осы контексте негізгі салыстырылу өзегі дін және тіл сөздерінің семантикасында екендігі оларға қатысты адамдық, арамдық сөздерінің қарама-қарсылығы арқылы айқындалады. Жеке алғанда тіл мен дін сөздері салыстырылмауы тиіс. Автор дін пұсырман баласы деп шынайы мұсылман (жан-дүниесімен, жүрегімен Алланың жолына бас тіккен), ал тіл пұсырман қарашы деп тек тілімен ғана (сөз жүзінде) мұсылмандықты дәріптейтін жалған мұсылманды меңзеп отырғанын түсінгенде ғана бұл екі сөздің антитезалық құрылымын тануға болады.

Жапалақ үшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау. (Шалкиіз жырау) [9, 44].

деген жолдарда өлу, сау әрекетіндегі қарама-қарсылық мән контекстің жалпы мазмұны арқылы ашылып тұр. Философиялық түйіні: тәннің өлшеуді ғұмыры біткенмен, рухани өмірі жалғаса бермекші. Тән – уақытша, рух – мәңгі деген ақиқатқа барып тіреледі.

Қорғанды шаһар қаласын,
Қазақ білмес, сарт білер,
Төс айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер
Ер жігіттің қадірін
Ағайын білмес, жат білер. (Бұхар жырау) [9, 89].

деген афоризмдік толғаудың астарын түсіну үшін *қазақ, сарт, иесі, ат, ағайын, жат* сөздеріне қатысты қазақы менталитет арқылы анықталатын білімдік қор қажет. Қазақ және сарт этнонимдері бірі – көшпелі өмір салтының, екіншісі – отырықшы, қалалық тұрмыстың символы ретінде танылатын бір-біріне қарама-қайшы мәдениет иелері деуге болады. Біріне көшпелі тірлік жат көрінсе, екіншісіне қамалға тығылған, еркіндіктен жұрдай қалалық салт ерсі көрінетіні белгілі. Сондықтан қаланың жайын сол тұрмысқа етене жақын сарт біледі. Сондай-ақ, аттың денесіне айылдың батып келе жатқанын иесі сезбеуі мүмкін, бірақ аттың өзі білетіні сөзсіз. Екі ақиқаттан шығатын қорытынды: қандай құбылыс та өзіне неғұрлым жақын нәрсе үшін неғұрлым айқынырақ, түсініктірек, осындай заңдылықпен ер жігіттің қадірін де оның жақыны, ағайыны білуге тиіс еді, бірақ өкінішке орай, олай емес екен. Ер жігіттің қадірін жақынға қарағанда жат білуі мүмкін. Бұл «қолда бар алтынның қадірі жоқ» деген идеямен өзектес.

Кейде салыстырылатын ойды аша түсу үшін қажетті қарама-қарсылық мағына контекстегі өзге сөздің мағыналық фондында көрінеді:

Әкелі бала жау жүрек,

Әкесіз бала сұм жүрек. (Бұхар жырау) [9, 85].

Деген параллельдік түйдекте *жау* және *сұм* сөзінің қарама-қарсылық мәні *әкелі, әкесіз* сөздерінің қарама-қарсылығына иек артқан.

Параллельдік түзілімнің салыстырмалылық мәнін күшейте түсуге жеке сөздердің қайталанып берілуі де ат салысады:

Арғымақтың жалы жоқ,
Жабылар жалыменен теңесер,
Жақсылардың малы жоқ,

Жамандар малыменен теңесер. (Бұхар жырау) [9, 85].

Арғымақ және *жабы*, *жақсы* және *жаман* сөздерінің антитезалық мәні *жал* және *мал* сөздерінің қайталанып берілуі арқылы нақтылана түскен. Себебі бір-біріне қабыспайтын екі түрлі қасиетті (арғымақтық пен жабылық, жақсы мен жаман) еріксіз теңестіретін зат – жал мен мал – кісілік, адамгершілік өлшемде аса маңызды орын алмайтын аргументтер (дүние (мал) – қолдың кірі, бай – бір жұттық, жал – аттың сыртқы көркемдігі, күзеп тастаса, ол да жоқ). Бірақ белгілі бір параметрде (қоғамдық, әлеуметтік қарым-қатынаста) олар да рөл атқаратын сәттері болады (Жоқтық жомарттың қолын байлайды, «Бәйгеден келген боз шұбар, Оны да көркем көрсеткен Құйрығы менен жал болар, Жал-құйрықтан айрылса, Шұбар шолақ тай болар»). Осындай ой-түйіндеу арқылы «заманның болжалсыздығын, жаманды жақсымен, жабыны арғымақпен теңестірген опасыздығын» меңзейді. Ал:

Емен шайнап, тіл қайзар,
Құлан, бұлан баласы. (Шалкиіз жырау) [9, 46], -

дегендегі *еменді шайнау*, *талды қайзау* тіркестері әрі әуездік, ырғақтақ жағынан, әрі мағыналық жағынан үйлесім тауып, бір-біріне жуық болып көрінетін шайнау, қайзау екі әрекеттің әрқайсысының өзіндік орнын, бөлекше мәнін аша түскен.

Параллель түзудің XIV-XVIII ғасырлардағы жырауларда кездесетін ендігі бір ерекше түрі – бір құбылысты, күйді дамыта салыстырып беру:

Еділден аққан сызашық,
Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді,-
Телегейдей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе, тәңір етті.
Жағасына қыршын біткен тал еді,-
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе, тәңірі етті.
Тең атаның ұлы едің,-
Дәрежеңді артық етсе, тәңірі етті. (Шалкиіз жырау) [9, 38].

Жырау тебінгіге жетер-жетпес судың телегей теңізге айналуын, қыршын талдың жайқалған терекке айналуын, тең атаның ұлының дәрежесі артық әміршіге айналуын даму үстінде (сызашық – теңіз, тал – терек, тең - артық) салыстыра, шендестіре (үш объект: теңіз, терек, адам) көрсете отырып, «бәрі де тәңірдің қолында, болдым-толдым деп асып-таспа» деген философиялық тұжырым жасайды.

Біз зерттеген жыраулық мектептің көркемдік дәстүрінде параллелизмнің – екі құбылысты қатар алып салыстыра не салғастыра келіп үшінші бір ой-түйінге меңзеудің – бірнеше әдіс-тәсілдері бар.

Біріншіден, бұндай параллелизмдер екі емес, бірнеше құбылысты, затты қатар қойып салыстыру арқылы жүзеге асады. Бұндай салыстырулардың астарындағы философиялық ой осы зат-құбылыстар туралы жыраулардың индивидуалды танымында, сондай-ақ жалпы көшпелілер дүниетанымында қалыптасқан символдар мен стереотиптер арқылы уәжделеді :

Асқар, асқар, асқар тау,
 Асқар таудың басына
 Балапан ұшып шыға алмас.
 Сұңқардан қыран құс болмас,
 Соқтасы қатпай аң алмас,
 Айдын, айдын, айдын көл,
 Асарлап төксең суалмас.
 Қабырғасы қатқан кәрі боз
 Қаржалған күні жүгіре алмас.
 Алғыншы алсаң, аруды ал,
 Артыңда жылап қалса, кім алмас.
 Желбезекке жебе дарыса,

Өрге балық жүзе алмас... (Абыл жырау) [11, 57].

Асқар тау, сұңқар, айдын көл, кәрі боз, алғыншы ару, балық – биіктіктің, өрліктің, кеңдіктің, тұрақтылықтың, сұлулықтың, айбындылықтың символы ретінде алынған жанды-жансыз, адамзат-ғаламзат атаулары. Бұлар «әр нәрсе де өзінің бұйрықты күні болмаса, дегеніне жетпек емес, дүниеде бұйрықсыз ештеңе жоқ, бәрі де жаратылыстың заңдылығымен рет-ретімен болмақшы» деген философиялық түйінді беру үшін алынған параллелизмдер. Жыраулар поэзиясында салыстырылуға алынатын зат, құбылыстың да өзіндік заңдылығы, жүйесі бар. Жан-жануарлардан: *арғымақ ат, аруана, сұңқар, ақ киік, марал, бұлан, арлан, құстан: аққу, сұңқар, қаршыға, қаз*, табиғаттан: *көл, тау*, оларға тән іс-әрекет мысал ретінде алынып, салыстырылады, қорытынды түйіні адам баласына тән (азамат, ер, ару, жақсы, жаман) өмірлік әрекетпен аяқталады.

Контексте алынған екі қатар құбылыстың салыстырылуы белгілі бір қарсы мәнді сөздер арқылы объективтенеді:

Өзі жақсы туғанның
 Қатардан басы қала алмас,
 Өзі жаман туғанның
 Ата-тегі сұралмас... (Өришан ақын) [12, 70].

«Жақсы болу» мағынасы «қатардан қалмау» мазмұнымен объективтенеді.

«Жаман» — ата-тегі сұралмау, еленбеу, яғни «қатардан қалу» арқылы берілген.

Мысалың сортаң жерде бір шұқанақ

Жел сөзге біздей шалқар көл емессің. (Сәттіғұл жырау) [13, 332].

Ақындық шабыт, қарым-қабілет *шұқанақ пен шалқар көл* антитезалық фонында алынып суреттеліп тұр.

Екіншіден, салыстырылатын құбылыстардың семантикалық фонында символдық мән негізгі рөл атқарады:

Орғи, орғи ор қоян
 Сенен басқа жүйрік жоқ
 Ұстайын десем құйрық жоқ
 Айдауда кетіп барамын —
 Ғазиз баста билік жоқ... (Өришан ақын) [12, 71].

Ор қоян – «өмірдің болжаусыздығы, баянсыздығы». Бас еркіндігінен еріксіз ажырап, айдауда кетіп бара жатқан ақынның алдағы тағдыры да белгісіз, болжаусыз.

Салыстыруға алынатын объект (зат, құбылыс) метафораланып беріледі:

Көңіл — қынап, көз — қылыш,
 Кеуде — қазан, сөз — күріш
 Қазаннан алып тастадым

Күріштің қоспа-күрмегін. (Сүгір жырау) [14, 203].

Жеке объектілер емес, енді тұтас болмыс белгілі бір мезгілдік фонда алынып салыстырылады. Болмыстың кешегі күйі мен бүгінгі қалпы «жамандық», «жақсылық» мәселесі тұрғысынан салыстырылады, риторикалық ой-тұжырымнан гөрі риторикалық-философиялық бағалау алдыңғы қатарға шығарылады.

Кеше:

Базарым баста тұрғанда
Таңқы емес еді бұл құдық
Көрген жоқ еді басымнан
Мәжіліс думан бұрылып.

Бүгін:

Бүгіндері болғанда
Біз құлыпқа түскен құлынбыз
Құрыққа түскен құлынбыз
Құдыққа түскен құланбыз
Құрбақа қылар ірілік. (Сүгір жырау) [14, 195].

«Құлыпқа түскен құл», «құрыққа түскен құлын», «құрыққа түскен құлан» тұтасымен «еркіндіктен айрылу, бағы қайту, бұрынғыдай болмау» және «жалғыздық» деген «жаманшылық» ұғымдарының жиынтығы ретінде алынып тұр. Ал ақынның кешегі (бұрынғы) күйі «базары баста тұру», құдығы ортаймау (толы болу), «басынан мәжіліс базары тарқамау» түрінде ассоциацияланған. Ақын ұсынған «кеше» мен «бүгіннің» бағалауыштық параметрін ұғу үшін «жалпы адам баласы үшін, қазақ халқы үшін, ақындық болмыс үшін не бағалы?» деген мәселені түсіне алатындай танымдық тәжірибе қажет. Ол үшін жеке сөздің метафоралық, ассоциациялық өрістегі мазмұнына талдау жасап қарайық. «Базар», «мәжіліс, думан» - ақынның ортасы, ақынды тыңдайтын әлеумет (қазіргі тілмен - публика). Әлеуметсіз ақын жетім (тыңдалмаған сөз жетім). Ақындық өмірдің сән-салтанаты, мән-мағынасы тыңдаушы ортаның «толуымен» бағаланады. Құдық - «өлең, жыр, поэзия». Жырдың (құдық) ортаюы - ақындық шабыттың сарқылуы, ақындық бақыттың бастан таюы, ақындықтың «өлуімен» бара-бар трагедия.

Ақындық болмыс, ақындық «мен» – өр, асқақ, ешкімге бас имейтін еркін де асау. Ал ақынның басына құрық түсіп, құлыпқа қамалуы, құдыққа құлауы ең шегіне жеткен құлдырау күйін беріп тұр. *Кеше* контекстінің мазмұны: ақындық шабыты ортаймау, ақындық ортада бағалы болу, *бүгін* контекстінің мазмұны: жалғыз қалу, ақындық шабыты қайту түрінде сипатталып, бағалауыштық мәнге ие болып тұр.

Нәтижелер

Параллелизм арқылы белгілі бір ұлттың, халықтың, жалпы тілдік мәдени ортаның тілдік санасында қалыптасқан ғалам бейнесі, оның жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс т.с.с. қарама-қарсылықтардың бағалауыштық параметрде көрініс беруі, сол арқылы ғалам бейнесіндегі дара тұлғаның тұтас болмысы, интеллектуалдық мінездемесі жан-жақты ашылатыны байқалады. Енді жыраулық тұлғаның сипатын өзіміз келтірген контекстер деңгейінде талдап қарайық. Сонымен жыраулық тұлға адамдық өлшемде қандай болуы керек?

Біріншіден, жыраулық тұлға «әлеуметтің, ортаның» назарында болуы қажет, себебі жалғыздықты қасірет деп білетін қазақ этносының ментальды дүниесі (С.Жапақов) бізге таныс. Бірақ жалғыздықтан қашу – жекеліктен, даралықтан бас тарту емес. Яғни тұлғаның келесі қасиеті – даралық. Осы орайда А.Шәріптің: «Ницшенің «Заратустрасы» ақырзаманға

таянған адамзатты құтқарушы тәңір-тұлғаның балама бейнесі, көш бастайтын серке, ескілікті жайратып, жаңаны жасаушы, тобыршылдық психологиядағы таяздықтың ымырасыз да ығытты антиподы, қол жеткісіз, бірақ алыстан мәңгілік мен мұңдалап тұратын асыл идеялардың сұлбасы» [15, 196], – деген пікірінің қазақтың символист ақындарына қатысты айтылуы біздің көкейімізге қонады. Жыраулық, ақындық болмыстың тәкаппар, пендешілік ұсақтықтан ада «тәңірлік тұлғасы» үшін жат, жиіркенішті болып көрінетін тобырдың табиғаты «құрбақа», «шұқанақ», «күрмек» (күріш арқасында күрмек су ішеді) сөз образдары арқылы меңзеледі.

Үшіншіден, тұлғаға еркіндік тән. Тұлға ешкімге бағынышты кіріптар емес. (*Өзім патша, өзім қазы, өзім би, Қандай ессіз не қылдың деп тергемек?! Мағжан*) Тұлғаның еркіндіктен айрылуы трагедия болып саналған. (*Айдауда кетіп барамын газиз баста билік жоқ. Ыбырайым ахун*).

Төртіншіден, тұлғаға теңіздей кеңдік пен тереңдік, қылыштай қиғырлық, өткірлік тән.

Қорытынды

Жыраулар поэзиясы өзінің бастау көзін фольклордан алып, оның көркемдік эстетикалық болмысын одан әрі дамытты. Параллелизмнің табиғаты жыраулардағы тілдік-көркемдік дәстүрдің ауыз әдебиетімен сабақтастығын айқындайды.

Халықтың, ұлттың ғасырлар бойы көрген-білгенінен, көңілге түйгенінен жасаған қорытынды ой-тұжырымдарын қатарлап, салыстырып беруге негізделген көркемдік дәстүр образдау, бейнелеу, синтездеу, ассоциациялаудың жарқын үлгісін береді және әдеби тіл дамуының келесі сатысы – жазба әдеби тілде жаңа қырымен көрінетін *метафора, теңеу, эпитет* тәрізді көркемдеу амалына ұласады. Яғни мифтік ойлаудан метафоралы ойлауға ауысудың тұтас кезеңін жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Караулов Ю.Н. Предисловие // Язык и личность. – Москва: Наука, 1989. - С 3-8.
2. Винокур Т.Г. К характеристике говорящего интенция и реакция // Язык и личность. - Москва: Наука, 1989. - С 11-23.
3. Красильникова Е.В. Предисловие // Язык и личность. - Москва: Наука, 1989. С 11-17.
4. Никитина С.Е. Языковое сознание и самосознание личности в народном культуре // Язык и личность - Москва: Наука, 1989. – С 34-41.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва: Академия, 2001. -203 с.
6. Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. - Москва: Наука. 1981. -366 с.
7. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993. – 286 б.
8. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 305 б.
9. Бес ғасыр жырлайды. - Алматы: Жазушы, 1989. – Т 1. – 384 б.
10. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. 3-е изд. – Москва: Наука, 1979. – 360 с.
11. Тіл таңбалы ақындар// Құрастырған Қ.Жылқышыұлы. Ақтау: Printing House, 2016. Т 1 – 432 б.
12. Тіл таңбалы ақындар// Құрастырған Қ.Жылқышыұлы. Ақтау: Printing House, 2016. Т 3 – 416 б.
13. Көне күннің жыр күмбезі. – Алматы: Жазушы, 2007. – 496 б.

14. Тiл таңбалы ақындар// Құрастырған Қ.Жылқышыұлы. Ақтау: Printing House, 2016. Т 4 – 400 б.

15. Шәрiпов А. Қазақ поэзиясындағы ұлттық идеяның көркем бейнеленуi. Филология ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшiн дайындаған диссертация жұмысы. – Алматы, 2001.

Б.И.Нурдаулетова

*Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова,
Ақтау, Казахстан*

Прагматический характер поэтико-психологических параллелизмов в текстах жырау

Аннотация. Цель данной статьи – исследование с точки зрения познавательного языкознания в ходе рассмотрения жырау как языковой личности поэтико-психологических параллелей в их текстах. В ходе исследования мы остановились на теоретических сведениях о языковой личности, рассмотрели 3 разных уровня, определяющих языковую личность, в том числе проанализировали познавательный контекст поэтической структуры, использованной жырау по мотивационному уровню. Определив, что одним из художественных средств, часто используемых в языке жырау, является параллелизм, мы взяли в качестве языкового материала их виды, имеющие поэтико-психологический характер. В ходе исследования мы пришли к следующим выводам.

Параллелизм может проявляться в поэтике жырау и через схожие явления, и через сравнение противоположных явлений, иногда и через метафорические сочетания, и через отдельные слова (вещественные, критические, действующие) в рамках семантики, а также и через содержание целых глав. Параллелизм – это особый навык расстановки порядка слов, присущий импровизации и основанный на философское мышление, национальное мышление и вкус, ораторство и знания. Вместе с тем параллелизм – это не просто художественное средство, это этнопознавательная система в рамках одного определенного национального познания языковой личности жырау.

Ключевые слова: параллелизмы, национальное познание, навык расстановки порядка слов, этнопознание, поэтико-психологический, жырау, языковая личность.

B.I. Nurdauletova

Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan

The pragmatic nature of the poetic-psychological parallelisms in zhyrau texts

Annotation. The purpose of this article is to study from the point of view of cognitive linguistics in the course of considering zhyrau as a linguistic personality of poetical and psychological parallels in their texts. In the course of the study, we focused on theoretical information about the linguistic personality, considered 3 different levels that determine the linguistic personality, including analyzing the cognitive context of the poetic structure used by zhyrau on the motivational level. Having determined that one of the artistic means often used in the zhyrau language is parallelism, we took as linguistic material their types, which have a poetical and psychological character. During the research, we came to the following conclusions.

Parallelism can manifest itself in the poetics of zhyrau both through similar phenomena, and

through the comparison of opposite phenomena, sometimes through metaphorical combinations, and through individual words (material, critical, acting) within the framework of semantics, as well as through the content of entire chapters. Parallelism is a special skill of word ordering, inherent in improvisation and based on philosophical thinking, national thinking and taste, oratory and knowledge. At the same time, parallelism is not just an artistic means, it is an ethno-cognitive system within the framework of one definite national knowledge of the linguistic personality of zhyrau.

Key words: parallelisms, national knowledge, the skill of placing the order of words, ethnological knowledge, poetical and psychological, zhyrau, linguistic personality.

References

1. Karaulov Yu.N. Predislovie [Foreword], Yazyk i lichnost [Language and personality] (Moscow: Science, 1989 –P 3-8).
2. Vinokur T.G. K karakteristike govoryaschego intentsiya i reaktsiya [Intention and reaction to the characteristics of the speaker], Yazyk i lichnost [Language and personality] (Moscow: Science, 1989. – P 11-23).
3. Krasnilnikova E.V. Predislovie [Foreword], Yazyk i lichnost [Language and personality] (Moscow: Science, 1989. – P 11-17).
4. Nikitina S.E. Yazykovoe soznanie i samosoznanie lichnosti v narodnom kulture [Linguistic consciousness and self-consciousness of the individual in folk culture], Yazyk i lichnost [Language and personality] (Moscow: Science, 1989. – P 34-41).
5. Maslova V.A. Lingvokulturologiya. [Linguoculturology] (Moscow, Academy, 2001. –203 p.)
6. Karaulov Yu.N. Lingvisticheskoe konstruirovaniye i tezaurus literaturnogo yazyka. [Linguistic construction and literary language thesaurus] (Moscow: Science. 1981. -366 p)
7. R. Syzdyk. Hazah adebi tilining tarihy [History of the Kazakh literary language] (Almaty, 1993. - 286 p.)
8. Baitursynov A. Shygharmalary [Works] (Almaty: Writer, 1989. - 305p)
9. Bes ghasyr zhyrlaidy [Five centuries sing] (Almaty: Writer, 1989. V 1 – 384 p)
10. Likhachev D.S. Poetika drevnerusskoy literatury [Poetics of Old Russian Literature] (3rd ed. –Moscow: Science, 1979.)
11. Til tangbaly ahyndap [Poets with language symbols] // Hurastyrghan Zh. Zhylykshyuly [Compiled by Zh. Zhylykshyuly] (Aktau, 2016. V 1 - 432 p.)
12. Til tangbaly ahyndap [Poets with language symbols] // Hurastyrghan Zh. Zhylykshyuly [Compiled by Zh. Zhylykshyuly] (Aktau, 2016. V 3 - 416 p.)
13. Kone kunnin zhyr kumbezi [The dome of the ancient sun] (Almaty: Writer, 2007. -496 p)
14. Til tangbaly ahyndap [Poets with language symbols] // Hurastyrghan Zh. Zhylykshyuly [Compiled by Zh. Zhylykshyuly] (Aktau, 2016. V 4 - 400 p.)
15. Sharipov A. Hazah roeziasyndaghy ulttygh ideianyng korkem beinelenui [Artistic depiction of the national idea in Kazakh poetry], filologia ghylymdarunung doktory ghylymi ataghyn alu ushin daiyndaghan dissertasiya zhumysy [Thesis for the degree of Doctor of Philology] (Almaty, 2001.)

Автор туралы мәлімет

Нұрдәулетова Бибайша Ильясқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 32 шағын ауданы, Ақтау, Қазақстан.

Nurdauletova Bibaisha Iliaskyza - doctor of philology, professor. Caspian University of technology and engineering named after sh. Esenov, 32-MD., Aktau, Kazakhstan.